

Құрылтай

Мәңгілік ел - халық мұраты



№22 (191)
2 маусым, 2016 жыл
Бейсенбі

Қызылорда облысы аумағына тарайтын апталық газет • 2012 жылғы 4 қазаннан шыға бастады

© Иман нұры ©

Қуош келдің, Рамазан

Алла елшісі шағбан айының соңғы күнінде айтқан құт басында бізге былай деді: "Ей, адамдар, ұлы және қасиетті ай жақындады, төбелеріне көлеңкесі түсті. Бұл айда мың айдан да қайырлы Қадір түні бар. Алла сол қасиетті айдың күндізінде сол оразаны парыз қылды, түндерінде нәпіл намазын заңды қылды. Бұл айда үлкенді-кішілі жақсылық жасаған адам басқа айларда бір парызды орындағандай сауап алады. Бұл айда бір парызды орындау басқа айлардағы 70

парыз болып есептеледі.

Бұл ай - Алла үшін аштық пен шөлдің, құлшылық пен тағаттың машақаттарына сабыр мен төзімділіктің айы. Сабырдың қайтарымы - жұмақ.

Бұл ай - жәрдемдесу айы.

Бұл ай - мүміндердің ризашылығын арттыратын ай. Бұл айда кім ораза тұтқан мүмінге аузын ашатын бір нәрсе беретін болса, жасаған бұл ісі күнәларының кешірілуіне және тозақтан құтылуына себеп болады. Ораза тұтқан адамның сауабы азаймастан,

соның алатындай сауабына ие болады" деді.

Рамазан - тұтастай ғибадатпен өткізетін уақыт.

Әрбір мүмін намазы, оразасы, жақсылықтары, қызметтері мен дұғасы арқылы осы рақымдылық пен берекеден нәсібін алуға тырысуы керек. Біліп және білмей істеген күнәлары үшін Алладан кешірім тілеуі керек, Жаратушысына жалбарынуы қажет.

Хақ Тағала да құлының осы шынайы дұғасы мен тілегін қайтарусыз қалдырмайды, күнәларын кешіреді, рақымшылығына бөлейді.

Рамазан айы мүбәрак болсын!

Ж.АЯЗБАЕВ,
Қазалы ауданы.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Шағын бизнестің негізгі мақсаты - халықты жұмыспен қамтамасыз ету, оның әлеуметтік проблемаларын шешу және еңбекке деген ынталығын дамыту, тұтыну нарығын мол ассортиментті тауарлармен және қызмет етумен толтыру. Қазақстан азаматтарының кәсіпкерлікпен айналысуына қолайлы құқықтық және экономикалық жағдайлар жасау мақсатымен мынандай шаралар көзделген: жеке адамның және отбасылық кәсіпкерліктерін, шаруашылық қожалықтарының істеріне мемлекет ұйымдарының заңсыз араласуына кепілдік беретін заңдармен қамтамасыз ету - шағын бизнес субъектілерін мемлекеттік тіркудің жеңіл тәртібін енгізу. Бұл тіркудің мерзімін және ақысын қысқарту, қажетті жарғы қорының көлемін азайту, шағын кәсіпкерлер меншігіне мемлекеттік меншікті ақысыз беру, мемлекеттік бақылау ұйымдарының шағын бизнес субъектілерінен қосымша ақы алуға мүмкіндік беретін қазіргі күші бар заңдылық нормативтер мен жағдайларды жою. Бұған тек заңда бекітілген айыптар, өсімдер және басқа санкциялар жатпайды. Материалдық өнімдер өндірісімен шұғылданатын шағын бизнеске салық және кеден ақысын төлеуге жеңілдіктер беру өрістетіледі.

Әлия МЕНДІБАЕВА.

БРИФИНГ ӨТТІ

Жақында Арал аудандық сотының ғимаратында азаматтық іс-шара бойынша брифинг өтіп, оны сот судьясы Д.Мұратбекұлы жүргізді. Брифингке жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Брифингте судья Д.Мұратбекұлы аудандық сотта қаралған тал-ап қоюшы М-ның жауапкер "Р" ЖШС-не жұмысына қайта орналастырып, лажсыз бос жүрген күндеріне жалақысын өндіруді сұраған азаматтық іс бойынша мәлімет берді. Іс құжаттарына сәйкес, талап қоюшы М. еңбек шарты бойынша "Р" ЖШС-не жүкші болып орналасқан. ҚР-ның Еңбек кодексінің 54-бабы 1-тармағы 6-тармақшасына сәйкес, бір жұмыс күні ішінде дәлелді себепсіз үш және одан да көп сағат бойы жұмыста болмаған деген негізбен мекеме басшысының 22.12.2015 жылғы №23/Л санды бұйрығымен жұмыстан босатылған. Талап қоюшы М.талап арызында аталған бұйрықты заңсыз деп танып, күшін жоюды, жұмысына қайта орналастыруды және лажсыз бос жүрген күндеріне жалақысын өндіруді сұраған.

Сот талқылауы барысында жұмыс берушінің жұмысшыны өз бас-тамасымен жұмыстан шығару негіздемесі өз дәлелін таппаған, осыған байланысты жұмысшының заңсыз жұмыстан шығарылғаны анықталған.

Сот жұмыстан босату туралы бұйрықты заңсыз деп танып, тал-ап арызды қанағаттандыру туралы шешім қабылдап, талап қоюшыны жұмысына қайта орналастырды. Сонымен қатар талап қоюшының пайдасына жауапкерден оның лажсыз бос жүрген күндеріне 88 909 теңге жалақысы өндірілді.

Брифинг соңында БАҚ өкілдері азаматтық іс бойынша сауалдар қойып, қойған сауалдарына нақы жауаптар алды.

(Өз тілшімізден).

— Бүгінгі сөз —

** Біз кейде дін деген ұғымды мешіт, намаз, ораза, садақа, Құран бағыштау, құдайы ас беру деген амалдармен шектеп қоятын секілдіміз. Жоқ, олай емес. Ислам - әрбір пендеге адам деген атқа лайық өмір сүруді үйрететін соңғы дін. Абайдың: "Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын" дейтіні бар емес пе? Ата-ананыңызға қамқорлық жасауыңыз, жолдасыңызға жақсы жәр болуыңыз, бала-шағаға үлгілі әке, ана болуыңыз, көршімен, туған-туысқандармен қарым-қатынас орнатуыңыз, адал табыс табуыңыз, мемлекеттің мүлкіне "аманат" деп қарауыңыз, тым болмағанда өзгеге жылы шырай танытуыңыз, міне, осылардың жиынтығы - дін. Дінді ұстану қол жетпес сағым, яки арман немесе біз ойлағандай ауыр іс емес. Әрбір жақсы амалда діннің бір талабы жатыр. Діннің өмір сүру пішіні дегеніміз - осы. Аллага ұнамды әрбір сөз, амал-садақа, сауап. Өзімізге қалаған нәрсені өзгеге де қаласақ, онда біз Алла Елшісі айтқандай, иманы толық мұсылман болғанмыз.*

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,
Бас муфти.

Ашық есік күні

2016 жылы 6 маусым күні, сағат 16.00-де Арал қаласы Т.Есетов көшесі №6 мекен-жайда орналасқан Арал аудандық сотының ғимаратында ашық есік күні өтеді. Алдын ала жазылу 2-42-28

АЛАЯҚТАН АБАЙЛАҢЫЗ!

Аудан орталығында орналасқан азық-түлік дүкендеріне өзін бақылаушы органның қызметкерімен деп таныстырған азаматша А. сатылымда тұрған азық-түліктің жарамдылық мерзімін тексеріп, айыппұл саламын деп алдау арқылы, дүкен сатушыларынан шара көрмеу үшін 10000-15000 теңге көлемінде ақша алған.

Екі-үш күнде азаматша А. 5 дүкеннің сатушыларын алдап, ақшаларын иемденген. Аталған

деректер бойынша Арал АІБ-мен ҚР ҚК 190-бабымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Осыған орай аудан тұрғындары күдік тудыратын адамдардан сак болуы қажет. Сондықтан заңнама талаптарына сәйкес, тексеруге келген мемлекеттік органның лауазымды адамдарында құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркелгені туралы белгі қойылған

тексеруді тағайындау туралы актіні, қызметтік куәлігін, қажет бол-ғанда режимді объектілерге баруға арналған құзыретті органның рұқсатын, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен берілген, объектілерге бару үшін қажет болатын медициналық рұқсаттаманы, тексерілуге жататын талаптардың тармақтары көрсетілген тексеру парағын көрсетуге міндетті.

Арал аудандық прокуратурасы.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Аудан әкімдігі жанындағы "Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі" комиссия отырысында "Аудандағы спорт мектептерінің, спорттық аландардың жағдайы" туралы Дәне шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Т.Әлжанов, тыйым салынған сайттарға кірмеу және қадағалау жұмыстары туралы аудандық білім бөлімі басшысы Б.Дабылов, мектеп инспекторларымен бірлесіп атқарылған жұмыстар туралы №13 мектеп директоры Х.Орынбасарова, девиантты мінез-құлықты оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы №262 мектеп директоры Б.Сәдуақасов хабарлама жасады.

* * *

Кезекті комиссия отырысында "Жастар ресурстық орталығы" Арал аудандық бөлімі мен "Жас Арал өрендері" жастар қоғамдық бірлестігінің көмелетке толмағандар арасында атқарылған жұмыстары туралы мекеме басшысы Ә.Ізбасаров, жазғы демалысты ұйымдастыру шаралары туралы аудандық білім бөлімі басшысы Б.Дабылов, санаториялық мектеп-интернаттың тәрбиелік іс-шаралары туралы №2 мектеп-интернат директоры Қ.Дәулетова хабарлама жасады.

Б.СЫДЫКОВ, комиссия хатшысы.

Жастарға ризамыз

Сексеуіл кентіндегі Тілеуқұл Ишан мешіті бүгіндері жамағатқа имандылықтың ұйытқысындай болып отыр. Соның ішінде бүгінде мешіт табалдырығын аттайтындардың дені жастар екендігі көңіл қуантады. «Дінім - алтын дінгегім» дейтін жастардың ұйымшылдығына сырттай риза болып отырамыз. Жақын - да мешіттің имамы Алпамыс Ізбасқановтың ұйымдастыруымен жастар мешіттің сыртына тал егіп, ауланы тазалауда белсенділік көрсетті. Әр жұмада кент маңындағы қорымдардың іші-сыртындағы коқыстарды тазал-

ап, сондай-ақ ауылдың ажарын кіргізуге атсалысуда. Өңірімізге белгілі азамат, облысық мәслихат депутаты Қадірберген Бедер бастаған ауыл азаматтары, соның ішінде жастар да бар өз қаражаттарымен мешіт айналасын темір шарбақпен қоршап, имандылық үйінің сәнін келтіртіп қойды.

Жастар біздің келешегіміз, ал олардың адамгершілік, ізгілік сезімінің молаюы бәрімізді де қуантады. Олардың егемен еліміздің еңселі тұлғалары атанатынына куә болатынымыз анық.

Орынбай ОРАЗАЕВ,
Сексеуіл кенті.

Жол ережесін сақтайық

Міне, көптен күткен жаз мезгілі келіп жетті. Жасөспірімдердің жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалану бағытында бала тәрбиесіне міндетті мекемелер арнайы іс-шара ұйымдастырады.

Алайда ұйымдастырылатын іс-шараларға қарамастан бала денсаулығына қауіпті сәттер туындап жатады. Себебі, елімізде автокөліктер жыл санап емес, күн санап өсіп келеді. Көліктің жүру жылдамдығы мен жиілігі де артуда. Кейбір кездерде жол үстіндегі жағдайдың күрделілігі соншалықты балалар түгілі үлкендердің өздері де дұрыс шешім таба алмай жатады.

Кездесетін жол-көлік оқиғаларының ішінде жеңілі жоқ - бүлінген жүк, қираған көлік, жараланған немесе мерт болған адамды көреміз. Ал осылардың ішінде ең өкініштісі - жас балалардың болуы.

Сондықтан да баршамызды қатты ойландыратын күрделі мәселенің бірі балаларды көлік жарақатынан сақтап, олардың көше мен жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып, егеменді еліміздің болашағы - балаларымыздың салауатты да саликалы, білімді азамат болып өсуі баршамыздың төл міндетіміз екендігін ұмытпайық.

Г.ЕСЕНЖОЛОВА, Арал АІБ ЖПҚ ЮПТ-ның аға инспекторы, полиция майоры.

«ҚҰРЫЛТАЙ» газетіне 2016 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр. Жекелер үшін 1000, мекемелер үшін 1500 теңге. Газетке жазылу қаржыны аудару жолымен (реквизит бойынша) және қолма-қол төлем арқылы редакцияда жүргізіледі.

Адамзатты қан-соқтаға бөктірген екінші дүние-жүзілік соғыстың аяқталғанына да 71 жыл болды. Бүгінгі біздің тәуелсіз еліміздің жас өркендері кешегі қан майдан даласында қаһармандықтың асқан үлгісін көрсеткен аталарымыздың ұлы ерлігі алдында әрқашан бас иеді. Мындаған қазақтың жас арыстары келешегіміздің бейбіт болуы жолында өздерін құрбан етті. Жан мен тән азабын тартты.

Ұлы Отан соғысында фашист басқыншыларына қарсы шайқасқан батыр жауынгерлердің қатарында өз атам Қуанышбай Ер-



Атам туралы әңгіме

жанұлының болғандығын мақтан етемін.

Ол 1924 жылы теңіз жағалауындағы Көкарал елді мекенінде дүниеге келген. Білімді де парасатты Ержандай әкесінен, еліне сыйлы өз ана Сағирадан тәлім-тәрбие алған ол өте зерек те дарынды болған. Онжылдықты орыс мектебінде бітірген. Соғыс басталғанда он сегіз жастағы жас жігіт қолына қару алып, ата-анасының ақ батасымен майдан даласына аттанады. Қызыл эшелонмен Ставрополь қаласына түсіріліп, атқыштар әскерінің сапында Гаурдак қаласында немістермен алғашқы қанқұйлы шайқасқа шығады. Осы шайқаста ерлік көрсеткен Қуанышбай атам сол иығына оқ тиіп жарақаттанады. Әскери госпитальда жиырма күн ем алып, қайтадан майдан жолымен Украинаның Киев қаласындағы жаяу әскер қатарына қосылады. 1943-1944 жылдардағы кескілескен ұрыстарға қатыса отырып, ел үшін қасық қаны қалғанша шайқасқан ол 1944 жылдың мамыр айында оң қолынан қатты жарақат алып, 21 жасында елге оралады. Анасы мен бауырлары қуанышпен қарсы алады. Осы соғыста

көрсеткен ерлігі үшін бірнеше медальдарды өр кеудесіне тағып, грамоталармен марапатталған.

Елге келген соң бейбіт өмірге араласып, қосымша білім алады да, 1950 жылдан 1989 жылға дейін теміржол станциясында қызмет атқарған, жүк конторының бастығы болған. Вокзал менгерушісі қызметінде де болған. 1949 жылы шаңырақ көтеріп, жұбайы Разиямен бірге бақытты ғұмыр кешеді. Отбасында тоғыз бала өсіріп, оларды қанат қатырып, өмірден өз орындарын табуына мұрындық болды.

Ұлы Отан соғысының ардагері болған атам Қуанышбай Ержанұлы кейін «Еңбегі сіңген теміржолшы» деген атаққа да ие болды. Ел-жұртының жақсы өмір сүруіне біркісідей атсалысып, өңіріміздегі қадірменді қариялардың бірі атанған атам Қуанышбай 1994 жылы дүниеден өтті. Алайда оның ерлікке толы ғұмыры ұрпақтарының жадында мәңгі сақталуда.

Айнұр ҚУАНЫШБАЕВА.

Айдыңды Аралдың жыршысына арналды

Айдыңды Аралдың жыршысы атанған белгілі ақын, қабырғалы қаламгер Мешітбай Құттықовтың шығармашылығына арнап аудандық білім бөлімі ұйымдастырған "Аралды сүю керек қайтқанда да" атты екінші көркемсөз оқу сайысы өтті.

Сайыстың мақсаты - мектеп оқышылары арасында ақынның өмір жолы мен шығармашылығын насихаттау. Сондай-ақ ақын М.Құттықовтың бай әдеби мұрасын кейінгі ұрпаққа оқыта отырып, олардың поэзияға, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, өмірлік айқындамаларын қалыптастыру.

Көркемсөз оқу сайысында ауданның отыз шақты мектебінің талантты да талапты оқушылары бақ сынады. Мәнерлеп оқу-

шылар байқауын жергілікті өнер тарландары сазгер Д.Омаров пен журналист-жазушы Е.Абдулла ашып, ақынның қазақ поэзиясындағы орны туралы оқушыларға әңгімелеп берді.

Сайыстың "Бүгінгі жырым менің Арал деген" бөлімі бойынша ақынның үздік өлеңдерінің бірін жатқа оқып, өлеңнің поэзиялық сыр-сипатын тыңдармандарға барынша жеткізе біліп және де сол турасындағы өзінің ойын өрнектеген №260 мектептің 9-сынып оқушысы Нұрбала Октяброва І орынға ие болды. "Жыр эстафетасы" бөлімі бойынша берілген ақын шығармаларын кезекпен жалғастырып оқуда №67 Қосжар мектебінің 5-сынып оқушысы Меруерт Ержанова дара шығып, бас жүлдені алды. "Ақын жайлы кім көп біледі" бөлімі бойынша ақын

өмірі, шығармашылығы, өмір белестері туралы қойылған сұрақтардың жауабын жете біліп, танымдық тереңдігін танытқан №62 мектептің 7-сынып оқушысы Ранай Қайырла жеңімпаз деп танылды. Поэзиялық шығармаларды оқудың жас шеберлерін дайындауда кемелдік танытқан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Аида Кемалова, Мейіржан Камал, Гүлнар Нұралиева іспетті озат ұстаздарды ерекше айта кеткен жөн.

Ақын Мешітбай Құттықовтың шығармашылығына арналған "Аралды сүю керек қайтқанда да" атты екінші көркемсөз сайысының жеңімпаздары мен жүлдегерлері аудандық білім бөлімі мен кәсіподақ комитеті тағайындаған марапаттарға ие болды. **Е.ЗЕЙНЕТҰЛЫ.**

Еңбегімен елеулі жан

"Ұстаз" сөзінде қаншама мағына, мән жатыр. Бізді алғаш рет мектеп табылдырығын атаған күннен бастап білім нәрімен сусындатып, қолымызға қалам ұстатып, ойымызды үшқыр етіп, өмірге тәрбиелейтін осы ұстаз. Менің ұстазым Гүлнар Ибраймова өз маманының мақтанышы, әр шыққан биігімізге марқайып отырады. Ол көптеген аудандық сайыстарға, ғылыми жобаларға қатысып, жетістіктің шыңынан көрініп келеді. Әр баланы өз баласындай көріп, жанына жақын тартып, бауырына басып, мейіріміне бөлейді. Мен ұстазымды мақтан етемін.

*Ұстаз деген мен үшін,
Аянбай терін төккен жан.
Мен сондықтан ол үшін,
Жүрегімнен жазам ән.*

**Мерей АҚКАСИНОВА,
№220 мектеп оқушысы.**

ЖОО-да қазақ тарихы оқытылмайтын болды

Сокқы үстіне сокқы... Енді жоғары оқу орындарында қазақ тарихы оқылмайтын болып жатыр. Үкімет үн-түңсіз тағы бір істі қолға алыпты. Бұнысы қазақты кезекті рет қан қақсататын іс екендігін қадап айтуға тиіспіз. Белгілі журналист, Алаш қозғалысының тарихын зерттеуші ғалым Болат Мүсәлім әлеуметтік желідегі жеке паракшасында былай деп жазыпты:

"Қазақстанның тәуелсіздік тарихын неге ғалымдар зерттемейді" деген сөз көп айтылушы еді. Зерттемек түгілі, жана оқу жылынан бастап ЖОО-да "Қазақстан тарихының" орнына "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" ғана оқытылып, содан мемлекеттік емтихан тапсыратын болыпты. Сактын, ғұнның тарихы, Түрік қағанаты, Алтын Орда, Қазақ хандығы, Алаш қозғалысы енді мектепте ғана оқытыла-

ды. Он шақты ұйымның ("Атамекен" кәсіпкерлік палатасы, ЖОО қауымдастығы және бірнеше меморган) келісу рәсімінен өткен жана стандарт үкіметтің қарауына жіберіліпті".

Ал енді бұған не деуге болады? Сақ дәуірінен басталатын тарихымыз кешегі Ұлт-азаттық көтерілісі мен Алаш күресіне дейін мектеп бағдарламасында толық қамтылған соң, көне тарихты оқыту мәселесі ЖОО-да тереңдей түсуі керек емес пе? Дауымыз жоқ, бүгінгі Қазақстан тарихы, тәуелсіздіктің ұлттық құндылықтары да оқытылсын.

Бірақ ел тарихын 1991 жылдан бергі кезең арқылы ғана танып, баба тарихты сызып тастау ақылға қона ма? "Бояушы, бояушы дегенге - сакалын бояйды" демекші, реформашыл министрліміздің бұ қайткені?..

"Дат" газетінен.

Ойланып отырсақ, бұл әлемнің әлі біте қоймаған тыртықтары аз емес екен. Ал соны орнына келтірмей деп жүргендердің кейде жаңа жараның аузын ашып алатыны жаман-ақ. Дегенмен... ең бастысы мына дүниеге - айналамызға сүлесок қарап, дым бітірмей жүргендерден Аллаһ сактасын.

-Иә-ә, ішіндегіні, ой-пікірінді айта алмай кетпе, айтып кет, айта алмасың қайтып кеп...

-Ақылды адам айтатын ойының шолақтығы үшін өзін-өзі айыптайды. Ақылсыздар өзгені не досын ғайбаттайды.

-Егер данаға "ақылсыздың" десен, ол күледі де қояды. Ал ақымаққа "ақылсыздың" десен, басың пәлеге қалады.

-Ертең барша жұрттың қуанышына себепкер болсаң, бүгінгі бір жылағаныңа өкінбе.

-Балам, "жылағаннан сұрама, күлгеннен сұра, жылағаннан сұрасан, өлгенін айтады. Күлгеннен сұрасан, көргенін айтады" дейтін еді көкем.

-Кейбіреулер ақылдылық пен қулықты шатастырып жүреді. Жоқ, бұны шатастырмау керек, қайта арасын ашып алған жөн. Ақылдыға барша жан тәнті болады, ал қудан бәрі қашады. Егер ақыл қулыққа айналса, міне, бұл - қасірет.

-Өлім - баршаның ең соңғы өтетін мәре сызығы. Бірақ әйтеуір бір өлім деп сол өлімнен қорқып өмір сүру - барып тұрған бақытсыздық.

-Тургенев: "Халық сенсіз де,

менсіз де өмір сүре береді, ал біз халықсыз өмір сүре алмаймыз" деген екен. Даналық сөз!

-Ниеті жаман жолаушы батар күннен дәметеді, ниеті жақсы жолаушы шығар күннен дәметеді.

-Адамды өзгелерге сүйкімді етіп көрсететін екі мүшесі бар. Біріншісі - жүрегі, екіншісі - тілі. Ал адамды өзгелерге жаман етіп көрсететін де сол екеуі.

-Шын мінінді тауып айтқан адамға өштеу - сенің надандығың.

-Бір ауыз сөз басына қасірет әкеледі. Бір түйір тұз асына дәм береді.

- Қа з а қ т а

Ойтақтамай ой тастымасты

"көргенсіз" деген сөз бар. Біреуге сол сөзді айтсаң ашуланатыны анық қой. Бірақ ойланып карасак, үйі жоқ адамды - үйсіз, малы жоқ адамды - малсыз, жұмысы жоқ адамды - жұмыссыз, білімі жоқ адамды - білімсіз дейміз ғой, оған ешкім өкпелемейді, олай болса көргені жоқ адамға "көргенсіз" демей не дейміз.

-Тұрмысқа шығып бара жатып жылаған қызына көрі атасы: "Жылама, қызым, сен кетсең Бәшен қуданың үйіне барасың. Ал мен кетсем, молаға барамын, жыласам мен жылайын" деген екен.

-Ақымақтығыңды сездірмеу үшін әңгімеге араласаң.

-Иә, өліп көрген адам жоқ, өлік

көрмеген адам жоқ.

-Айтылған сөзіннің құлысын, айтылмаған сөзіннің қожайынысын.

-Ақылсыз адам ғана армансыз.

-Осы күндерде жұмыртқадан қыр, тырнақ астынан кір іздеушілер көбейіп бара жатқан сияқты.

-Қазақ: "Адырақ көзбен саудаласпа, нарықты бұзады, алапеспен құдаласпа - халықты бұзады" дейді.

-Істің ақыры жігіттің пақырына қалады.

-Қырда - кикү, ойда - ойран салмаса жүре алмайтын есерден ет-

ауру аздырады.

-Қойдың қарғысы қанша қарағанмен қасқырға жетпейді.

-Дарын емес, қарын билеген мына заманда құнды ойың күресінде қала береді екен.

-Өмірде бәрі ойлағандай емес. Ойлағаныңның бәрі өмірдегідей емес. Өмірдегі басты қасірет ойлағаныңның болмауы, күткеніңнің кездеспеуі, іздегеніңнің табылмауы.

-Балалық жолдан даналық жолға жету үшін қаншама өмір сабағын өткізуге тура келеді.

-Иә, кейде өмірде миллиондағандардың арасында жүрсең

де жалғызсырайтын күнің болады.

-Салынатын құрық жал таңдамайды, алатын ажал адам таңдамайды.

-Шындық жоқ жерде сұмдық та көп болады.

-Өтірікші өзгенің шын сөзіне сенбейді.

-Өсекші мен өтірікші - егіз.

-Қатын өтірік айтпайды, қағыс естиді.

-Бір қыңыр шалқасынан жатып "Танымайтын періштеңнен көзім үйренген шайтаным артық" деген екен.

-Қандай терең ойда отырса да, таудай болып көрінетін тұлғалар бар.

-Осы заманда адалдықтың ақ-

ген сияқты.

-Өлшеулі өміріне өкпе жүрмейді.

-Қылтанақтай ғибрат жоқ егделіктің арттағы ұрпаққа үлгі болып жарытпайтыны анық.

-Өмірдегі ең үлкен трагедия - күресуді тоқтату.

-Жылы жүрек - өзін ғана жылытпайды, өзгені де жылытады.

-Кейде өз ойың, өз деңең, өз сөзің өзіне жау екенін ұмытпа.

-Адам көленкесі түседі де кетеді, сөз көленкесі ми қабатында қалады.

-Біреуге қолыңнан келетін пайданды істемесен адамдықтан ары кеткенің.

-Ертедегілер: "Қоғамды үш түрлі адам құртады: шала дәрігер денсаулықты құртады, шала молда дінді бұзады, шала ұстаз тілді бұзады" деген екен.

-Қазанның астына от жаға берсең, қапағын лақтырмай қоймайды.

- "Мүмкін емес" - тек ақымақтардың сөзі.

-Көршілерің рухани еншілестерің болғанда ғана әр күнің көңілдірек және жақсырақ болады. Еңдеше үйді емес, көршіні таңданыз.

-Сөз емес сөзді кісі емес кісі айтады.

-Бағынышты бол, бірақ жалынышты болма.

-Жібек мінезді жігіт жұртқа жағады, жылан мінезді жігіт жұртта қалады.

-Біреуді үйрету - өзіңнің қайталап үйренуің.

Сайлау БОТАБАЕВ.

Жайнай бер, бала шағым - тамаша күн!

Ұстаз шәкіртке қанат бітіреді

Арал қаласындағы №260 мектепте қанатымен су сепкен қарлығаштай ұстаздық қызметін адал атқарып жүрген, бәсекеге қабілетті ұстаздар жетерлік. Бұл күнде олар республикалық және облыстық байқаулардың жеңімпаздары. Атап айтар болсақ, жақында ғана Алматы қаласында, Құрманғазы атындағы академиялық ұлт аспаптар оркестрінде өткен "Алатау жұлдызы" республикалық балалар байқауынан би өнерінен бас жүлде иелен-

ген 3"В" сынып оқушылары Б.Қайырлаев, Е.Оспанов, М.Жолдашбай, А.Өтеміс, Н.Мұратбекқызы, С.Қаратюбова сынды шәкірттеріне ықпал еткен Темірханқызы Нұргүлдің еңбегі ерекше зор. 2-4 сынып оқушылары "Бастау" республикалық математикалық турнирінің І (облыстық) кезеңіне қатысып, жүлделі ІІ орын иегері атанған 4"А" сынып оқушысы Ж.Қонысбаевтың жетекшісі Таева Нұржамалдың еңбектерін айрықша атап өтуге болады. Осыған

байланысты аудандық білім бөлімінің бас маманы Ф.Орынбасарова, дарынды мектеп басшысы А.Сауяев оқушыларға жүрекжарды лебізін білдіріп және ұстаздарға шығармашылық табыс тілеп алғыс хатпен марапаттады. Ұстаздарымыз шәкірттерінің қырандай самғаған қанаттарына қанат бітіріп, әсте талмауына ықпал етіп, ұлтымыздың рухын көтере берсін.

Альмира АҒЫТАЙҚЫЗЫ,
№260 мектеп мұғалімі.



АСЫЛ АНА

Анасыздар, әр үйге панасыздар,
Бала десе от болып жанасыздар.
Анасыздар, Ақ Еділ, Жайықсыздар,
Жүзе алмайды өтінде қайықсыздар.
Маздататын жүректе от лаулатып,
Әр үйдің күні десем лайықсыздар.

Тамиы тамып, сылдырлаған суында,
Әсем әуен жырлап жатыр құсың да.
Жылудықты алып келген көктемге,
Аналарды құрметтейміз қашанда.
Зейнеп ӘБДАЛИЕВА, №72 мектеп оқушысы, Райым ауылы.

АНА ТІЛІМ - МАҚТАНЫШЫМ

Ана тілім - мақтанышым, тірегім,
Өзің болдың қуанышым, жыр елім.
Барлық адам ана тілін ардақтап,
Ана тілім өзіңді ән қып жүремің.
Ана тілім - мақтанышым, тұғырым,
Тек өзің деп самғап ұшсын қыраның.
Барлық адам ана тілін дәріптеп,
Қазағым мен тілім болсын ұраным.

Ербол СЕРІКОВ,
№64 мектеп оқушысы.

ТӘУЕЛСІЗДІК - ҒАЖАБЫМ

Елтаңбасы еңселі,
Әнұраны шалқыған.
Көк байрағы тұғырлы,
Айналайын халқымнан.
Қазақ елі - айбыным,
Қазақ жері - байлығым.
Нұратам аман тұрғанда,
Жоламайды қайғы-мұң.

Салтанат ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
№75 мектеп оқушысы,
Қарашалаң ауылы.

"Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы..."

Табиғаттың сұлулығын суреттеудің қас шебері Тұманбай Молдағалиевтің "Гүлдер" өлеңі оқылғаннан кейінгі №62 мектеп оқушыларының жазған өлеңдер топтамасынан

Қызыл сары, ақ гүлдер,
Құлтырады көп гүлдер.
Үлбіреді желменен
Нәзік едің не деген?

(Шынахметов Мейіржан)

Нұрлы, нұрлы гүлдер,
Нұр шаптып тұр далаға.
Сырлы, сырлы гүлдер,
Сыр айттып тұр балаға.

Нұрлы гүлдің біреуін
Сыйлайышы анама.

Ана сізден тілеуім-
Бата берші балаға.

(Қызылбаева Мадина)

Ұқсайсың гүлдер балаға,
Сән бересің далаға.

Ең әдемі біреуін,
Сыйға берем анама.

(Сейілханова Жансая)

ЖАЗДА

Жаздың күні жайдары,
Жердің жүзі жайнады.
Жасыл кілем жайғандай,
Шалғында бала ойнады.
Аяқ доп қуып ұлдар жүр,
Алау гүл теріп қыздар жүр.
Үп еткен желге еркелеп,
Құлтырып, жайнар қырда гүл

Қарақат ҚОРҒАНБЕКОВА,
№22 мектеп оқушысы,
Ақбасты ауылы.

Бақытты балалықтың алтын ұясы

Отбасынан кейінгі сәби-лердің бақытының базары, күміс күлкісінің шаттыққа толы сыңғырлайтын жері - бөбекжай. Осында табыл-тұпыл басқан, тілі балдан төтті бала алғашқы өмірлік тәжірибесін алып, саналылықпен ұжым тәрбиесін өткереді. Ауданымыздағы осындай озық бөбекжайдың бірі - заманауи талаптарға сай жұмыс жасап жатқан "Сартай" бөбекжайы. Сондықтан да сәбилер тәрбиесіндегі көптеген аймақтық тәжірибе алмасулар, тәрбиешілердің шығармашылық шыңдалуы осы балдырғандар ұясында өтеді.

Бөбекжай меңгерушісі Сәлима Сәрсенбаева басқаратын ұжым жаңашылдықтың жаршысы іспетті. Жақында ғана "Балабақша, мектеп және ата-ана сабақтас-тығы" атты іс-шара өтті. Максаты бүлдіршіндердің бөбекжайда игерген, бойына сіңірген тәлім-тәр-

биесі мен бастапқы білімдерін қорытындылап, олардың өмір белесіндегі жаңа парағы - мектепалды даярлық тобына толыққанды дайын екендіктерін көрсету.

Іс-шара салтанатты ашылып, "Байтерек" пен "Пчелка" ересек топтары арасында қорытынды ашық оқу іс-әрекеті өтті.

Қазір "Сартай" бөбекжайында 12 топ - оның 8-і қазақ, 4-і орыс тобы ретінде жұмыс істейді. Әр топта өз істерінің маманы, білікті тәрбиешілер балдырғандардың саналы тәрбие мен шығармашылық қабілеттерін үздіксіз дамытып отырады.

-Баланың өзін еркін ұстауы, ашық сөйлеп, ана тілін жетік меңгеруі - бұл тәрбиешінің жетістігі. Бүгінгі оқу іс-әрекетінде балалардың үш тілде еркін амандасып, сандарды ағылшын, орыс тілдерінде ажыратуы да қазіргі заман талабына сай болудың үлгісі,-деді аудан-

дық білім бөлімі жетекші маманы Ә.Құдайбергенова.

-Балалардың тыннан ойлар айтып, топпен толыққанды жұмыс істеуге әбден машықтанғаны көрініп тұрды. Олардың қызықты іс-әрекеттері, сабаққа деген қызығушылығы мені таңқалдырды. Бұл көрсеткіштер тәрбиешілер Нұргүл Баймырзаева мен Индира Жасаралованың еңбегінің жемісі деп білемін,-деді ата-ана Ұлжан Әміреева.

"Сартай" бөбекжайындағы осынау іс-шараға №14 мектептің бастауыш сынып мұғалімдері, №83 мектептің мектепалды даярлық топ мұғалімдері, "Балдырған", "Нұрай" балабақшаларының меңгерушілері мен тәрбиешілері, ата-аналар қатысып, тың жаңашылдықтарға риза болысты.

Сандуғаш КАРИМОВА,
"Сартай" бөбекжайының әдіскері.



СӘНДІБЕК - ДАРЫНДЫ БАЛА

Оқушым Нәжімәнов Сәндібек мүмкіндігі шектеулі болғандықтан үйден оқытылады. 2012 жылы І-сынып табалдырығын аттағаннан бастап сабақ беріп келемін. Бастапқыдан-ақ алғырлық танытқан Сәндібек бүгінде өз құрдастарынан әлдеқайда озық екендігін көрсетіп үлгерді.

"Ауыл мектебінде мүмкіндігі шектеулі балаларды үйден оқыту" атты аудандық семинарда Сәндібек ана тілі пәні бойынша өзінің білім алуға деген күш-тарлығымен, алғырлығымен тәнті етті. І-сынып оқып жүргенде-ақ дүние тану пәні бойынша интернет олимпиадасына қатысып, Халықаралық "Адам және табиғат" атты тақырыпта сертификат алды. Аудандық білім бөлімі мен педагогикалық-психологиялық түзету кабинетінің ұйымдастыруымен өткізілген мүмкіндігі шектеулі балалар арасындағы "Біз бөріміз біргеміз" атты өнер фестивалінде дәстүрлі "Қара жорға" биін билеп, көрер-

өзінің әсем дауысымен "Мама" әнін орындап үздіктер қатарынан табылды. Жақында өз мектебімізде өткен бастауыш пән бірлестігі апталығында "Қалдық заттардан бұйымдар жасау" көрмесінде бақлашқадан құмырадағы гүл және пальма ағашын жасап көрушілерді таң қалдырып, нәтижесінде бағалы сыйлыққа ие болды.

Сәндібек дұрыс тани білгенге ол алып бәйтеректің енді бүр жарып келе жатқан шыбығындай. Мезгілінде күтіп баптасқан талайға сая боларлықтай

келешегі көкжиектен мен мұңдалайды. Ол шырайлы Шижағанын білім ордасы саналатын №57 Е.Көшербаев атындағы мектептің үміт күттіретін үлгілі оқушыларының бірі. Бір сөзбен айтқанда "Сегіз қырлы, бір сырлы" десе де болғандай.

Қолы бос кезінде тоғызқұмалақ, шахмат ойнайды, домбыра тартады, компьютерде өзіне ұнайтын түрлі суреттерді салса, қолдан әр түрлі мүсіндерді жасайды.

"Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" деп ұлы Абай айтқандай, Сәндібектей шәкірт жолықтырып, оны бастауыш сыныптан бастап сапалы біліммен сусындатып, саналы тәрбие беріп, қиялын қанаттандырып, қияға талаптандырып жүргенімді мақтаныш етемін.

Бағжан ҚАНАТБАЕВА,
№57 мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Шижаға ауылы.



“Ғасыр нұры”

Қалалық №3 кітапханада жазушы Шәрбану Құмарованың туғанына 80 жыл толуына орай “Ғасыр нұры” атты кітабы бойынша оқырмандар конференциясы өтті. Қаламгердің туынды-

ларын қалың оқырмандарға насихаттаумен қатар, олардың кітапты оқуға, ой-түйінін түсінуге баулып, қызығушылығын арттыратын шара өте тартымды болды. Шәрбану Құмарова қазақ сөз

өнерінің бүгінгі қас шеберлерінің бірі. Оның әдебиетте өз жолы, өз соқпағы қалыптасқан. Бүгінгі прозаның шоқ жұлдызына айналған. Аталмыш шығарманың өзіндік ерекшелігі замандастарымыз Елшібек, Сұлукас, Мінұар, Шынарғұл, Нұрқасым, Биғаным сияқты жандардың шынайы сүйіспеншілігін шытырман оқиғалар арқылы шынайы жеткізген.

Шараға Н.Шамшадинова, Г.Кенесбекова, Г.Кемалова, Н.Махамбетжанова, А.Үсенова, Д.Садырбеков сияқты оқырмандар белсене қатысып, шығарманы талдауда біліктілік танытты.

Шара сонында “Аңсары биік қаламгер” атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, жазушының басқа да шығармалары оқырмандарға таныстырылды.

С.ҚҰРМАНҒАЗИЕВА,
кітапханашы.



Су тек қуаныш емес, қайғы да әкеледі

Бірнеше күннен кейін суға шомылу мезгілі басталады. Жасы да, жасамысы да өзен-көлдерді, су-тоғандарды жағалайды. Бұл - аптап ыстықтан саялаудың бір жолы. Бірақ су жағасында демалушыларға судың тек қуаныш емес, қайғы әкелетінін де ескерткіміз келеді.

Оқу жылы барысында білім беру мекемелерінде судағы қауіпсіздік туралы дәрістер мен өңгімелесулер өткіздік. Мұндай кездесулер су айдындары маңайына орналасқан елді мекендердің білім ұяларында да жүргізілді. 600-ден астам плакаттар мен паракшалар шығарылып, профилактикалық жұмыстар жүргізу кезінде таратылды. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында судағы қауіпсіздік шаралары туралы тұрғындарды құлақтандыру ісі тұрақты жүргізілуде. Жазғы суға түсу маусымына құтқарушылар жан-жақты әзірлікпен келеді. Бірақ ең бастысы адамдар өздері сақ болуы керек. Бір айта кетерлік жайт, әр өзен-көлдің, су қоймасының қасына құтқарушы қою қиын. Адамдар суға түсудің қарапайым ережелерін сақтамайды. Көбінесе рұқсат етілмеген жерлерде шомылып, болмаса мас күйінде суға түсіп қатерге ұшырайды. Сондай-ақ, өзен-көлдерде балалар ата-ананың қарауынсыз жүреді. Жағажайлардың көптеп ашылғаны жақсы. Өйткені, табиғат аясында демалатындар бір жерде бас қосса, мамандарға да оларды қадағалау қиынға соқпайды.

Әрине, апат айтып келмейді. Құтқарушылар үлкеннің де, кішінің де суға түсу кезінде аса сақ болу керектігін ескертеді.

Е.ЖИЕНАЛИЕВ, ҚР ІІМ ТЖК “ОӨАЖҚЖ” ММ-нің,
құтқару бөлімше басшысы.

ЕГІСТІКТІ АРАМШӨПТЕН САҚТАЙЫҚ

Егістік жерлерде өніп-өсіп, ауылшаруашылық дақылдарына зиян келтіретін арамшөптің Қазақстанда 300-ден астам түрі бар. Арамшөптер - мәдени өсімдіктердің қоректік заттары мен ылғалдың асыл қорларына ортақ болып, олардан гөрі тезірек өсіп жетіліп, егіннің түсімін, өнімінің сапасын нашарлатып, топырақты баптау жұмыстарын қиындатып, танаптағы минералды заттарды алып, егіске зиянды организмдер мен ауруларды тарататын бірден-бір көзі. Арамшөптің тамыр жүйесінің күшті болуына байланысты топырақтың терең қабатындағы у қорларын мәдени өсімдікке қарағанда әлдеқайда көп мөлшерде алып, олардың дамуына өте қолайсыз жағдай жасайды. Арамшөптің жапырақтары мен сабақтары мәдени өсімдіктерді көленкелеп жарық түсірмейді, күн сәулесі түспегесін өсімдік нашар толысып, әлжуастанып, фитосинтез процесінің жүрулеріне, өсіп жетілуіне, тұқымдағы қоректік заттың мөлшерінің азаюына әсерін тигізеді. Негізгі ауылшаруашылық дақылдарының егісінде басқа мәдени өсімдіктер кездессе, оларды арамшөп қоспасы дейді. Мысалы, бидай егісінде арпа, сұлы өссе, ол арамшөп қоспасы болып есептеледі. Кейбір арамшөптердің жемістері, тұқымдары улы болып адамды және малды уландырады, ал жекелеген арамшөптердің жағымсыз иісі малдардан алынатын өнімдерді бүлдіреді. Мысалы ермең, жуа сүтке ашы, кермек дәм береді. Кейбір арамшөптердің тікенектері, қылқандары, ілгіштері арқылы малдарға зақым келтіріп, олардан алынатын өнімдердің, әсіресе жүннің сапасын төмендетеді.

Арамшөптерді жою үшін агротехникалық шараларды мұқият жүргізу, химиялық гербицидтерді шашу және биологиялық әдістерді тиімді пайдалану керек.

Еркін АМАНЖОЛОВ,

"Республикалық фиотсанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" мекемесінің гербологы.

Жақында облыс көлемінде өткізіліп жатқан “Берік отбасы - есірткіден алыс!” атты сайыс бағдарламасы бойынша Арал қаласындағы №14, №13, №83 мектептер мен Арал индустриалдық-техникалық колледжде “Жастар есірткіге қарсы” тақырыбымен жарыстар өткізілді.

Жарыстың мақсаты балалар мен жасөспірімдердің есірткі тарату мен тұтынуға қарсы тұр-

уын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру болды.

Жарыс “Скейтбол”, “Шабандоз”, “Қол арба”, “Мәнерлер сырғанау”, “Шырша”, “Саяхатшы құрбақа” атты шағын сайыстардан тұрды. Іс-шара барысында аумақтық бөлімдердің өкілдері жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамға жат қылықтардан аулақ болу туралы

айтып есірткі, психотропты заттарға қатысты құқық қорғау жөнінде мағлұматтар беріліп, оларды салауатты өмір салтымен өмір сүруге шақырды, отбасылық құндылықтарды, отбасылық тәрбие жайында сөз қозғады.

Жарыс жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Т.ЕСЕНТҮГЕЛОВ,
полиция капитаны.



“Жастар есірткіге қарсы”

ОТ - БАЛАНЫҢ ОЙЫНШЫҒЫ ЕМЕС

Қазір орын алып жатқан өрттің басым көпшілігі тұғын үйлер үлесінде. Электр жүйесінің ақаулары, газ құрылғыларын пайдалану кезіндегі аңғалдықтар, балалардың отпен ойнауы өрттің шығуы себебіне негіз. Әсіресе, жазғы маусымда балалардың шырпымен ойнауы салдарынан орын алған өрт оқиғалары басым келеді. Бүлдіршіндер жазғы демалыста күндіз ата-ананың бақылауынсыз үйде қалып, балалық әуестікке салынады. Сол себепті әрбір ата-ана балаларды бақылаусыз үйде қалдырмағаны абзал және шырпы, тұтандырғыш заттарды баланың қолы жетпейтін жерде сақтағаны дұрыс.

Балалардың отпен ойнауы салдарынан туындайтын өртті болдырмау үшін от ойыншық емес, ол тамақ пісіріп, жылу беретін құрал екенін түсіндіріңіз; сіріңке мен тұтандырғыш әперіп жіберуін өтінбеніз, балалар үлкендерге қарап оның ісін қайталайды; баланыңды тауып алған сіріңке не тұтандырғышты сізге қайтарып беруге үйретіңіз; оларды үнемі қадағалау қажет; бос уақыттың қызықты етіп өткізуін ұйымдастырыңыз.

“Жаман айтпай жақсы жоқ” демекші, өрт болған жағдайда балаларды дұрыс әрекет етуге үйретіңіз; өрттің шығуын не жану белгілерін байқағанда ересектерге не “101”, “112” өрт сөндіру бөлімінің телефон нөміріне хабарлау және тез арада бөлмеден, үйден шығып кетуі керек екендігін, “болмайды” дегеннен гөрі бір қорап сіріңкенің салдарынан келетін қауіпті түсіндіріңіз.

Бұл кеңестерді әрбір ата-ана жадында сақтағаны абзал.

А.СЫДЫҚОВ, Арал аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Маман кеңесі

Тағамнан улану өміріңе қауіпті

Жақында Жанақорған кентінде “Айсулу-1” тойханасында топтасқан тағамнан улану жағдайы тіркеліп, 36 адам тағамның токсикалық инфекциясы” диагнозымен аурухана түскен.

Жіті ішек ауруларының, салмаңеллез, дизентерияның алдын-алу үшін тамақтан алдында қолды жуу керектігі баршамызға белгілі. Ыдыстарды тазалаудың ережелерін қадағалап, оларды дұрыс сақтап, ас үйді таза ұстап, қоқысты уақытында шығару керек. Өнімдерді сақтағанда олардың ерекшелігін (тоназытқышта сақтау, ашық немесе жабық күйінде сақтау) және сақтау мерзімін ескеру қажет.

Тамақтан уланудың алдын алу үшін азық-түлік өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және сату жағдайлары бойынша санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау керек.

Ішек инфекцияларының көбісі көкөніс, жеміс, бақша өнімдерінің бетінде болады, сондықтан оларды

кір сабынмен ағын суда мұқият жуу керек.

-Тамақтан уланудың қауіптілігін салат, сүт, ет, балық өнімдері, торт мен пирожныйлар сияқты тез бұзылатын тамақ өнімдерінің түрлері төндіреді. Сондықтан оларды +2 +6С температурада сақтау керек және бекітілген мерзімде пайдалану қажет.

-Сүт өнімдерін рұқсатсыз сауда орындарындағы белгісіз тұлғалардан алмау керек. Шикі сүтті пайдаланар алдында міндетті түрде қайнату керек.

-Үй жағдайында консервіленген салатты, саңырауқұлақты, көкөністі сатып алмау керек, өйткені олар ботулизм сияқты ауыр тамақтан уланудың себебі болуы мүмкін. Жыл сайын құрамында ботулинстикалық токсині бар консервілерден уланудан болған өлім жағдайлары тіркелуде.

-Жұмыртқаларды ас содасын немесе кір сабынды қолданумен жуу керек. Жуылған жұмыртқаны тоназ-

ытқышта 12 тәулік сақтауға болады. Жұмыртқаны шикілей қолдануға болмайды, 8 минуттай қайнату керек, ал қуырылған жұмыртқаны 2 жағынан да қуыру керек.

-Үй жағдайында көкөніс, жемістерді өңдеу үшін дезинфицирлейтін құралдарды қолдануға болады.

Тамақтан уланудың белгілері: жүрек айну, құсу, іштің, бастың ауыруы кейде дене қызуының көтерілуі - сапсыз өнімді қолданғаннан кейінгі бірнеше сағаттан соң пайда болады. Құсу, іштің ауыруы, іш өту, жалпы әлсіздік пайда болса, дереу дәрігерге бару қажет, өзін-өзі емдеумен айналысуға болмайды. Күдікті өнімнің қалдықтарын және құсықты лактырмау керек, олар дәрігерлерге уланудың себебін анықтап, сәйкес ем тағайындауға мүмкіндік береді. Ем қаншалықты ерте басталса, соншалықты науқастың денсаулығына аз қауіп төндіреді.

А.БАЛШАМБАЕВА,
Арал аудандық ТҚҚБ
басшысының орынбасары.

Редактор
Ерғали АБДУЛЛА

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде тіркеліп, 3.06.2012 жылғы тіркеу туралы №12860-Г куәлігі берілген.

Құрылтайшы: «Данабаева Жанаркүл» ЖК

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады.

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Газет «Құрылтай» газеті редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Индекс 65117

Таралымы 1525

Тапсырыс 614

Телефондар: редактор 2-41-30, 2-10-32, жауапты хатшы, жарнама және компьютер орталығы 2-11-80.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Арал қаласы, Бактыбай батыр көшесі, «Самұрық» сауда үйі, 2-қабат.

Электронды пошта:
aral_kuryltai@mail.ru